



УДК 330.3 (574) : 001.895

С.А. Жұманазар, Ж.С. Джуманазарова
ШҚМТУ, Өскемен қ.**ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ – КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕДЕ**

Нарықтық қатынастардың әлемдегі ең озық деген тәжірибелерін батыл қабылдап келе жатқан Қазақстан үшін кластерлік жүйе алдағы уақытта инновациялық дамудың негізгі құралына айналғалы отыр. Мемлекет басшысы 2005 жылғы Жолдауында экономиканың бірқатар салаларында кластер жасау мен дамыту жоспарын жасау қажеттігі туралы атап көрсеткен болатын. Соған байланысты «Бәсекелестік қабілетін арттыру және кластерлік даму» бағдарламасы жүзеге аса бастады.

Үкімет кезінде өндіріс орындарын ашуға ынталанып, импортты алмастыру бағдарламасын қабылдап, «Сапалы әрі қосымша құны жоғары тауар шығармай, импортты қалай алмастыруға болады?» деген мәселе көтерді. Содан бастап индустриялық және инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Кез келген құжат ғылыми тұжырымға, теорияға негізделмей жүзеге аспайтыны тағы белгілі. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін кластерлік дамудың ғылыми жобасы тандалып алынды.

Жалпы, дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кластерлік тәсіл ұлттық экономиканың басымдық саясаттарын айқындап, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда орасан зор рөл атқарады. Кейінгі кездері кластер ұғымына ғалымдар мен экономист мамандар әрқалай ғылыми түсіндірмелер беріп келе жатқанымен, оның түпкі мағынасы бәсекеге қабілетті салалар жиынтығы дегенді білдіреді.

Жалпы «кластер» термині (ағылшынша «cluster» - шоғыр, пакет, бөлшек) бір үлгідегі нысандардың шоғырлануын білдіреді. Экономикада кластер деп экономиканың белгілі бір саласына қарасты және салыстырмалы түрде бір-біріне жақын орналасқан кәсіпорындардың, ғылыми орталықтардың, университеттердің және басқа да ұйымдар топтарын айтады. Сонымен бірге кәсіпорындар мен ұйымдар бір-бірімен тығыз байланыста болуы тиіс.

Ал оның ғылыми сипаттамаларына тоқталсақ, кластер дегеніміз - бұл қосымша құнды құру процесі барысында өзара байланыста жұмыс істейтін жеткізушілер мен өндірушілер, тұтынушылар мен өнеркәсіптік инфрақұрылым және ғылыми зерттеу институттарының біртұтас желісі. Сондай-ақ қалыптасқан терминнің мазмұнына назар аударғанда кластерлер - тізбектелген өндіріс арқылы бірнеше өнім түрлерін шығаратын өнеркәсіптік топ екенін аңғаруға болады. Бір салада жұмыс істейтін компаниялар бір-бірімен байланысқанда ғана шетелге жіберілетін бәсекелестікке қабілетті өнім шығаруға болады. Бәсекелестікке қабілеттіліктің кластерлік теориясын американдық ғалым Майкл Портер өзінің «Халықаралық бәсекелестік» атты кітабында енгізген.

Осылайша, жалпылама алғанда, кластер бір-бірімен тікелей (сатып алушы-сатушы) және көлбеу (технологиялар, қызметтер, білім) байланысқан, белгілі бір орында шоғырланған компаниялар мен ұйымдардың қызметтестігін бейнелейді.

Ал мұны қазақша ұғымдағы қарапайым мысалмен түсіндіретін болсақ, отбасылық әулет бір отар қойды иелігіне алды делік. Міндеттік еңбек бөлінісіне орай, отағасы малды бағумен айналысса, үлкен ұлы әйелімен бірге тек жүн қыркумен, қыздары ол жүнді иіріп,

жемпір тоқумен, келесі баласы мен келіні мал сойып, шұжық әзірлеумен айналысып, қалған отбасы мүшелері дайын өнімді сатуға кіріседі. Яғни бұдан бір шаруашылықтың өзінен тізбектелген өндіріс арқылы соңғы өнімге қол жеткізіліп отыр деген сөз. Кластерлер әлемде мұнай мен газ өндіру, көмір бассейндерін өндіру, түсті металл өндірісі, сондай-ақ ірі агроөнеркәсіп секторы сияқты салаларда кең қанат жайған. Мұндай өнеркәсіптік топта компаниялар жоғарыда айтқандай іс-қимылмен бірін-бірі толықтырып отырады.

Кластер іс жүзінде экономиканың кез келген саласында құрылуы мүмкін. Оған туризм саласы нақты үлгі бола алады. Мәселен, шетелдік туристердің бір бөлігін қонақүйге тарту үшін көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасын арттырып қана қою жеткіліксіз. Ол үшін шетелдік туристерге көрсетілетін қызметтердің қай-қайсысы да олар жүрген жерлердің бәрінде сапа стандартына сәйкес келуге тиіс. Оған әуежайда болу, таксимен жүру, мейманханаларда, дүкендерде және басқа да көрнекті жерлерде болу тағы басқалары жатады.

Сол сияқты осы аталған компаниялардың қызметтерін және туристердің келуін реттейтін ұйымдардың, сол компаниялар үшін мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының да рөлдерін атап көрсету қажет.

Кластер құрудың артықшылығы, ең алдымен, оған қатысушылардың барлығының өзара тығыз қызметтестікте болуында, ол ресурстар, ақпараттар және технологиялар алмасуда және ең бастысы, проблемаларды бірлесіп шешуде көрініс табады. Осылайша кластерге қатысушы компаниялар тұтынушылардың үлкен бөлігін тарта және табысты молайта отырып, өзінің тиімділігін арттырып, өз өнімдерінің сапасын жақсарта алады.

Кластердің тиімді жұмыс істеуі үшін технологиялық қатардағы барлық элементтер арасындағы байланыстар жүйесінің берік, ретті, айқын болуы керек. Демек кластерлік бағытты қолға алу үшін бірлескен, саналы ынтымақтастық қажет. Әлемдік тәжірибеде дамыған, өркениетті елдер кластерді экономиканы көтерудің, өндіріс ресурстарын ұтымды пайдаланудың құралы ретінде қолданады. Бұған қоса кластердің өзіндік қалыптасу қағидалары да бар.

Біріншіден, сол кластердің нәтижелі жұмыс істеп, табысқа жету үшін соған кіргендердің барлығының мүддесі бір болуы керек. Екіншіден, кластерге бір-бірімен байланысы бар өнім өндіретін шаруа қожалықтарынан бастап, ол өнімді өндеуші басқалары осы заманға сай жаңа инновациялық технологияны игеруі тиіс, себебі, өндірілетін өнім сапасы әлемдік, халықаралық стандарт талаптарына сай және тиісті сапа сертификатын алатындай болуы тиіс.

Өйткені кластердің құрамындағы кез келген талаптардың біреуінде қандай да бір ақау кездессе, онда жұмыс нәтижесі төмендейді. Сондықтан да кластерге кірген барлық кәсіпорындар сапалы да саналы жұмыс істеп, қажетті көрсеткіштерге жетуге бірдей мүдделі болуы қажет. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бір-бірінен оқшауланған кәсіпорындарға қарағанда, кластерге бірігуге қол жеткізген кәсіпорындар анағұрлым табысты болып келеді.

Кеңестер Одағы кезінде «ғылыми өндірістік кешен», «аумақтық өндірістік кооперация» сияқты шаруашылық субъектілері болғаны белгілі. Экономистер кластерлердің социализм тұсындағы осы өндірістік кешендерге жат емес екенін, тіптен тікелей тамыр тартатынын айтады. Мысалы, Одақ кезінде еліміздің жоспар жасаушы органдары ірі үш аймақтық-өндірістік кешен құрумен айналысты. Олар Павлодар-Екібастұз, Маңғыстау және Жамбыл-Қаратау өндірістік кешендері.

Өз кезегінде Қазақстанның ірі ғылыми-зерттеу институттары олардың кешенді түрде

дамуын зерттеп келді. Олай болса мұны ұмытыла бастаған ұтымды тәжірибелерді қайта жаңғырту тәсілі деп түсінуге болар еді. Бірақ кеңестік экономикадағы жоспарлы жүйе мен салалық басқару принципі олардың қалыпты жұмыс ырғағын аса қатаң жағдайда шектеп келгенін айта кеткен жөн. Мысалы, жеткізілімді реттеу шаралары кәсіпорындардың келешектегі табысын көздейтін мүддесіне қарай емес, жоғарыдан түскен тапсырма бойынша таңдалды. Соның салдарынан бір өңірге қажетті бөлшектерді ұзақ тасымалдау арқылы келесі республикадан жеткізуге тура келді. Ал әңгіме өзегі болып отырған кластерлердің негізгі айырмашылығы онда нарықтық тетіктер мейлінше ескеріліп, жанама кәсіпорындар бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өз тарапынан маңайындағы кластерге кіруге ұмтылыс жасайды. Сондықтан да мамандар кластерлер мемлекеттік өнеркәсіптік саясатты түбірлі өзгерте алатын тәсіл деген баға беруде.

Қазақстан Үкіметі 2005 ж. елімізде кластер жасаудың болашағына байланысты жеті пилоттық кластер құруды жоспарлады, атап айтқанда: мұнай-газ, машинажасау салалары, тоқыма және тамақ өндірісі; көліктік логистика; металлургия; құрылыс материалдарын өндіру және туризм. Жалпы Қазақстанда кластерді дамыту тек жеті пилоттық кластермен ғана шектеліп қалмауға тиіс. Белгілі бір салада кластерді дамыту өзге салаларда да кластерлердің пайда болуына апаратынын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл орайда бірден бірге «құйылу» кең тараған әсер болып саналады. Мәселен, білім беру, көлік, телекоммуникация тәрізді өзге салалардың көптеген түрлі сегменттері құрамына кіретін туристік кластерді дамыту жоғарыда аталған салаларда жекелеген кластерлер құруға жетелеуі мүмкін. Оның сыртында, кластердің тек қолдаушы және тірекші салаларда ғана пайда болып қоймайтынын да айтқан жөн.

Іріктеліп алынған салалар кластер жасауға пилоттық болып табылады. Ол өз кезегінде болашақта экономиканың кез келген саласында, мейлі ол бизнестің немесе үкіметтің бастамашылығымен болсын, кластерлер құру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Үкімет Қазақстан экономикасының өзге де салаларында кластерлер құру мәселелерін шешуге үнемі ықпал жасап отыр.

Қазақстанның қазіргі экономика мектебі тиімді мемлекеттік басқару мен инновациялық нарықтық игіліктерді терең игеруі арқылы өзгелерге үлгі болып келе жатқаны белгілі. Соның бір дәлелі жаңаша талдаулар мен ұзақ жылғы қалыптасқан тәжірибелерді байыту арқылы өндіріске өзара байланысты тізбектелген технологиялар енгізу мен жинақы аумақ аясында өнеркәсіптік топтарды құрудың тетігін тапқаны дер едік. Мамандардың пікірінше, Қазақстан аумағында мынадай үлгідегі кластерлер құру тиімді болмақ. Айталық, еліміздің батыс өңірінде Қазақстан уылдырығын өңдеу өнеркәсібін шоғырландыру, оңтүстік аймақта голландиялық тәжірибе бойынша гүл өндірісін өркендету, ал Алматыда өңдеуші кластерді дамыта отырып генетикалық жағынан таза сортты алма шаруашылығын дамыту қарастырылған.

Сонымен бірге оңтүстік және Алматы облыстарында Калифорниялық шарап жасаушы кластерлердің үлгісін жасаған технологиялық университеттермен ынтымақтастықты тереңдете отырып шарап жасау индустриясын жолға қою жоспарланса, Солтүстік Қазақстанда астық, ет, сүт өндіру және өңдеу ісін ілгерілету, Батыс Қазақстан өңірінде Хьютонның жоғары сапалы пластмасса өнімін шығаратын мұнай кластері негізінде мұнай-химия өндірісі мен мұнай сервисін дамыту жөніндегі өнеркәсіптік топ құру, ал еліміздің табиғатымен ерекшеленетін жекелеген аймақтарында Тайланд және Коста-Рика тәжірибесінің негізінде туристік кластерлерді дамыту керек деген тұжырым жасайды.

Қазіргі кезде әлемге танымал, әйгілі компаниялар кластерлік тәсілді жүзеге асыру арқасында шаруасын дөңгеленте алғанын айтқан жөн, атап айтқанда: Солтүстік және

Оңтүстік Каролина штаттарындағы тоқыма-тігін кәсіпорындары, Германияның оңтүстік бөлігіндегі автомобиль жасау компаниялары, Италиядағы модельдік аяқкиімдер өндірісі, шарап жасаушылардың Калифорниялық тобы. Португалия мен Швециядағы ағаш өңдейтін өнеркәсіптер және тағы басқалар деп тізімді одан әрі жалғастыра беруге болады.

Соңғы кездері дүниежүзілік «World Economic Forum» зерттеу орталығы шығарған талдау қорытындыларында Финляндия индустриялық жағынан кемелденген АҚШ, Жапония, Ұлыбритания сияқты алпауыттар бастаған жүзден астам елдің ішінде бәсекелестік қабілеттілігі бойынша қатарынан үшінші рет бірінші орынды иеленіп отырғанын жариялады. Оған себеп Фин үкіметі 1995 ж. ел аумағында құруға негізі бар деген кластерлердің құрылымын, олардың даму тенденцияларын, келешектегі тиімділігін егжей-тегжейлі зерттеуге кіріскен. Мұның сыртында, шұғыл түрде жанаша іске серпін бере алатын сауатты менеджерлер іріктеліп, олардың біліктілігін арттыру шаралары қолға алынды. Нәтижесінде сауатты жүргізілген менеджмент көп кешікпей-ақ өз жемісін бере бастады. Мәселен, әлемдік байланыс құралы саласында аз уақытта көшбасшылық орынға көтерілген «Nokia» телефон маркасын алайық. Қазір екінің бірінің қолында жүрген телефон Финляндияның балықшылар мен бұғы өсірушілер мекені ретінде ғана белгілі Оулу қаласында шығарылады. Қазір жоғары технологиялар шығаратын орталық ретінде әйгіленген бұл қаладағы 100 мың тұрғынның 6 мыңы «Nokia» өндірісінде еңбек етеді. Осындағы бас компания телекоммуникациялық құралдарды шығара отырып, микроэлектроника жабдықтары мен түрлі бағдарламалар жасайтын 120 кәсіпорынды маңайына шоғырландырған. Өткенге көз жүгіртсек, 80-жылдары дағдарысқа тап болған Оулу қаласы тұйықтан шығу үшін жаңа технологиялар өндірісіне молынан инвестиция тартуға күш салады. 1992 ж. аталған телефон құралының 50 млн данасы шығарылса, 1999 ж. оның сату көлемі бірден бес есеге көтеріліп, 2002 жылдан бастап Финляндия сыртқы рынокқа Nokia-ның 1 млрд-тан астам данасын сатқан [4].

Қазақстанның бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан экономикасының жағдайында ұлттық бизнестің қанаттануына қажетті деген факторлар мен мүмкіндіктер, тиісті институттар Астана мен Алматы сияқты екі бас қаламыздың аумағында орналасқан. Осы орайда қалыптасқан факторды қажетінше пайдаға асыруға Қазақстанға Жапонияның тәжірибесі аса қажет деп есептелінуде. Ол елдегі барлық өнеркәсіптік шығарылымдардың елу пайызға жуығы Токио мен Осако қалаларының мұқтажына бағытталған. Қазақстандық мамандар аталған тәжірибені ұштай келе Астана шекарасын одан әрі кеңейтіп, жаңа елді мекендердің құрылуына жағдай туғызу керек деген түйін жасайды. Соның нәтижесінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі ілгері бастырып, Елордадағы экономиканың нақты секторына деген сұраныстың молаюына орай жұмысшы мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік туғызылмақ.

Қазақстан аса үлкен аумақты өндірісті, бай минералдық базаны, ірі ауылшаруашылығы алқаптарын иелене отырып, өңірлік кластерді құруда бірқатар проблемаларға да тап келуде. Айталық, Алматы, Степногорск, Шортанды, Приозерск қалаларында техно-парктер негізінде құрылатын республика ауқымындағы кластерлер Үкімет тарапынан қолдау тауып отырғанымен, облыстық, қалалық, тіпті ауылдық деңгейдегі кластерлер құруда жергілікті биліктің бастамашылығы бәсеңдеу болып отыр. Жергілікті жерлерде шағын құрылыс өндірістерін құру, көкөніс өнімдерін дайындайтын кәсіпорындар салу сияқты шаралар әлі қарастырылмаған. Еліміздің жалпы тұрғындарының 44 % ауылшаруашылығы қызметімен тікелей байланысты болғанымен, бүгінде еттің 30 %, есімдік майының 70 %, балық өнімдерінің 50 % шетелдерден тасымалдануда [5].

Алдағы уақытта Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіретін Қазақстан өз аумағындағы

агроөнеркәсіптік кластерлері шығарған өнімдері арқылы әйгілі Голландия, Австралия, Жаңазеландия, Канада мемлекеттерінің тауарларымен үзенті қағыстыруға тура келетінін естен шығармауымыз керек.

Сонымен бірге жоғары оқу орындары мен техникалық мектептер үшін орталықтан даярланған оқу бағдарламаларында еліміздің жекелеген өңірлерінде ірге қалайтын кластерлердің ерекшеліктері ескерілмегендіктен де олардың қажеттіліктерін өтей алмауы мүмкін. Ал өз кезегінде өңірлердегі баяғы қалыппен дербес отау құрып, «өз қотырын өзі қасығысы келетін» жекелеген компаниялар да бұл істің ілгері басуына тежеу салмақ.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, экономикасы дамушы елдерде кластерлердің еркін дамуына бірінші кезекте мамандардың білімі мен біліктілігінің төмендігі, тиісті қаржының жеткіліксіздігі және қоғамдық институттардың баяу дамуы бөгет болмақ.

Американдық белгілі экономист Пол Самуэльсон нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі туралы «Нарық пен үкіметті ел экономикасының тұрақты қызметін қамтамасыз етудегі ажырамас қос құрамы деп есептеген жөн. Қазіргі заманғы экономиканы оларсыз басқару бір қолмен шапалақ ұрғанмен тең» деп көрсеткен.

Бұл тұрғыда ел Үкіметі кластерлерді өркендету үшін жекелеген кәсіпорындар мен салаларға тікелей қолдау көрсетіп қоймай, жеткізушілер мен тұтынушылар, өндірушілер мен үкіметтік институттар арасындағы өзара байланысты нығайтуға күш салу керек деп есептейді отандық экономист мамандар. Олардың айтуынша, кластерлердің кең құлаш жаюына ішкі сауда мен инвестиция ағынының және ішкі бәсекелестіктің дамуы да мұрындық болмақ. Соған сәйкес ішкі бәсекелестік жергілікті органдар мен жергілікті институттардың өзіндік дамуына жол ашып, ішкі сауданың қарқын алуы халықаралық сапа деңгейіне көтерілуге серпін бермек.

Осылайша кластерді дамыту Қазақстан экономикасының дамуына тікелей ықпал етеді. Сала алдында тұрған проблемаларды шешу тиімділігі артып, мемлекеттік органдар мен жеке ұйымдардың іс-қимылдарында үйлесімділік пайда болады.

Экономиканы кластерлеуге деген талпыныс отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Ал ол мемлекетіміздің экономикалық саясатының, сонымен бірге Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясының да негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық-әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. ҚР-ның Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы, 2005.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алматы, 1992.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. – Алматы, 2006, 2007, 2008, 2009.
4. Афанасьев М. Мировая конкуренция и кластеризация экономики / М. Афанасьев, Л. Мясникова // Вопросы экономики. – 2005. - № 4. – С. 82.
5. Байзақов С. Қазақстан экономикасын кластерлер көтереді / С. Байзақов, Н. Райхан // Ақиқат. – 2005. - № 1, 2. – 19 б.
6. Казахстан в 2007 году. Статистический ежегодник Казахстана. - Астана, 2008.
7. Стратегия индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы: утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 17.05.2003. - № 1096.
8. Толегенова М.С. Кластерный подход в создании интегрированных структур // Вестн. КазНУ. Сер. экономическая. – 2004. - № 2.

7.12.09 қабылданды